

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

«Практикадағы теория: «Ерніне қара»: дауыстың жұмсақтығы, «Лир патшадағы» кейіпкерді бейнелеу»



**Мақсаты:** XX ғасырдың әдеби ерекшеліктерін риторикалық дәстүрлермен салыстыра отырып талдау; әдеби тәсілдерді «Лир патша» шығармасындағы кейіпкерлерді бейнелеу құралдары тұрғысынан сипаттау.

**Кілт тіркестер:** моральдық және миметикалық құрылымдар, риторикалық элементтер, әдеби тәсілдер, драмалық резонанс.

#### Негізгі идеялар

- XX ғасырдағы әдеби ерекшеліктерді талдау.
- Майкл Холахан «Лир патшадағы» әдеби мінез туралы.
- Дауыс кейіпкерді бейнелеудің тәсілі ретінде.

Бүгін біз сіздерді Майкл Холаханмен таныстырамыз. Ол – Оңтүстік әдістемелік университеттің ағылшын тілі профессоры. Қайта өрлеу дәуіріндегі ағылшын әдебиетіне және оның классикалық үлгілермен байланысына қызығушылығы зор. Алғашқы кезде Холахан Шекспирдің драмаларын зерттесе, кейін ғылыми ізденістер кеңістігін кеңейте отырып, зерттеуші Остиннен бастап Генри Джеймске дейін, Л.П. Хартлиді қоса алғанда жаңа зерттеулер жүргізе бастады.

Сөз басын Холахан Фридрих Ницшенің «Әлсіз және ұйықтап жатқан сезімдер найзағаймен және аспандағы жұлдыздармен ояну керек. Дегенмен сұлулықтың даусы жұмсақ: ол тек оянған жандарға ғана жол табады» деген ой түйінімен бастайды. Адамтанудың басты қағидалары пәлсапалық ойларға толы әлем және құбылыстар туралы, олардың адами дамуына әсері мен өзара сабақтастығы хақындағы құнды деректердің дүниеге келуіне себепкер болары анық. Олардың қатарында адамның объективті дүниені танып, ой елегінен өткізуі, қабылданған мәліметтерді саралауы, сол арқылы болмыс пен шындықтың, табиғат пен қоғамның өзгешеліктерін түсіндіруі секілді проблемалар да зерттеу нысанын құрайды. Пәлсапалық әдіс өз дәуірі мен өркениетінің табиғатын айқындайтын танымдық қағидалар мен ұстанымдар жүйесі деп танылатындықтан, оның жалпыға ортақ сипатында өнер мен адамгершіліктен бастап, сана мен дінге дейінгі аралықты қамтыған өзгешелігінде рухани қабылдаудың бастауы жатады. Зерттеушінің сөздеріне назар аударсақ, XX ғасырдағы әдеби ерекшеліктерді талдау бағыты, керісінше қатаңдығымен көзге түсті. Поствикториандық ерекшеліктер ғасырдың моральдық және миметикалық құрылымдарын сабақтастырған скептицизм деп қабылданып, зерттеушілер тарапынан көп қолдау таба қоймады. Жаңа сын барынша нәзік әрі тапқыр үлгілерге назар аударумен болды. Олар үшін иронияға құрылған қайшылықты құрылымдар қызық көрінді. Мифті талдау бағыты аса күшті архетиптерді тоғыстырды. Деконструкция, жаңа тарих және олармен байланысты өзге де постструктуралық сын мамандықтары фигуральды құрылым тұрғысынан қарастырылды, сол арқылы өзі туралы эссенциальды көріністерге жол ашты (1). Нәтижесінде эссенциализм теориялық және пәлсапалық құрылым тұрғысынан әрі белгілі бір қасиеттер мен қабілеттерді сипаттайтын бағыт ретінде айшықтаушы өлшемдер жиынтығы деп танылды. Оның астарында эссенциализм «заттардың белгілі бір терең шындығы, шынайы табиғаты бар, оларды тура қабылдауға болмайды, сондықтан осындай жасырын үлгілер қажет» деп түсіну тұжырымы үстемдік етті (2).

Бұл бағыттар адамгершілік қағидаттары мен саналы психология ұстанымдарын тереңдетті. Өзге ұғымдардың басым көпшілігі риторика тиесілі деп қарастырылғанда, этос пен пафос просопография деп аталатын арнайы тарихи тұлғалардың өмірбаянын зерттейтін тарихи пәннің негізі деп танылды. Просопография белгілі бір кезеңге немесе жергілікті жерге қатысы бар саяси, әлеуметтік не этникалық ерекшелігі бар лауазым иелері туралы баяндады. Үлгі ретінде келесі шығармаларды атап өтуге болады: «Помпей жақтастары», «Юлиев-Клавдиев династиясы дәуіріндегі сенаторлар», «Желтоқсаншылар», «Рим империясындағы парсылар» және т.б. (3).

Дегенмен жасанды мінез-құлық постмодернистік жаңалық болған жоқ. Бұл мәселе біраз риторикалық дәстүрлердің ортақ ұғымын құрады. Ол мінездің риторикаға дейін қысқартылуын көздемейді. Драмада мәселе екі жақты қарастырылады: шындық кейіпкер бейнесі арқылы қабылданады, сол арқылы көрерменнің сенімі қалыптасады. Айта кететін мәселе, сенімсіздік-



тің болмауы сенгіш болу емес Риторикалық элементтерден тұратын әдеби құрылым ретінде кейіпкер әдеби және сыни практикада өзіне тән табандылық танытуы мүмкін. Әдеби бейне мәтіндік қабылдаулардың бірі болып қана қалуы ықтимал деген идеяны сипаттау арқылы тексеруге болады. Мысалы: «Лир патша» шығармасын алсаңыздар. Кейіпкер бейнесінен сырт шыға отырып, арнайы құрылымдарды қолдану пьесадағы драмалық шиеленісті күшейте түседі. Шебер қолданыста әр түрлі әдеби құрылымдар да сабақтаса алады. Мәселен, масканы пайдалану арқылы кейіпкер мен оның киімі арасындағы байланысты ұштастыра түседі немесе келесі үлгі ретінде басты кейіпкерлердің бірі өзге образдың сөзін қолдана отырып, салыстыру мен біріктіру шеберліктерін ұтымды сабақтастыруы мүмкін. Сол арқылы шығармада не бірін-бірі толықтыру арқылы көрінетін немесе бірінен кейін бірі үйлесе түзілетін сөйлесу мен тыныштық арасындағы байланыс меңзеледі. Кейде суретшілер бір дауыспен екінші дауыстың аралық интервалын сақтау арқылы да ақпарат жеткізуді көздейді. Сөйлесімнің ортақ тұстары, демалыстары, дауыстары кейіпкерлер арасындағы жасырын мәселелерді толықтыра түседі. Бұл аргументтер драмалық мінездемені ескеруден әдеби жауапқа дейінгі қашықтықты сабақтастырады.

Аталмыш эсседе Корделияның бойындағы құндылықтарға түсініктеме берілген, сол құндылықтарға деген Лир патшаның көзқарасы шығарманың соңғы бөлігіндегі үзіндімен салыстырыла ұсынылған. Авторлық қызығушылықты соңғы өмірмен қоштасу сәттерін бейнелетін кейіпкерлер қарым-қатынасы сомдаған. Бұл жерде әсіресе эстетикалық қорытындының әсері назарға алынған. Корделияның ішкі әлемін автор оның жұмсақ даусымен, еріндерімен және сол бейнені сипаттай мойындаған Лирдің «Қараңдаршы оған, қараңдаршы, ерніне қараңдаршы» деген сөздерімен дәйектеді.

Эссе мінездердің тұрақтылығын талдау мақсатында өзгерістерді дүниеден озып бара жатқан Эдмунд пен Лирдің бойындағы өзге қылықтар тұрғысынан дәлелдеуге бағытталған. Авторлық дәйектемеде Лир Корделияның даусына еліктей, оның даусын сала отырып, өзгеріп жатыр. Оның мінезіндегі өзгерістер көрермен алдында ішкі әлемнің даму табиғатымен ғана емес, өзге кейіпкерге деген қарым-қатынасымен де айғақталуда. Нәтижесінде мінез бос жердің төңірегіндегі формация ретінде емес, сахнадағы бейнелердің арасындағы кеңістіктің тиімді шектелуі деп те танылуда. Тұрақсыздық бұл жағдайда кедергі емес. Ол әр түрлі мағыналық әсерлердің негізі ретінде қарастырылады. Майкл Холаханның мақсаты – субъективтілік туралы теориялық тұжырымға сүйене отырып, сол интерпретацияны баса көрсету. Жеке тұрғанда символ маңызды қызмет атқара алмайды деген ойды ескере отырып, көзге көрінбейтін дыбыссыз дәйектемелер іске қосылады. Бұл мінезге қарсы берілген теориялық тұжырым дегеннен гөрі әдеби құрылымдардың мағынасы мен мазмұны туралы мәселелердің қысқаруы деп қарастырған дұрыс.

Айтылған редукивті айыптауға қарсы автор Лирдің дүниеден озған Корделия туралы айтқан сөзінен мінезі жағынан драмалық, ал құндылықтарды бағалау тұрғысынан этикалық дискурсты табуға тырысты. Әдебиеттанушы өз тұжырымын әдеби мінездің теориялық қорғаушысы деп емес, өзгеше құрылымдарды әдеби дәстүр құрылғыларымен талдау мүмкіндіктерін тексеру деп білуге болады. Сол арқылы қол жеткізілген байланыстардың заңдылықтары дамушы интерьерлерге қарағанда алдыңғы шепте қалыптасады.

Автор идеясы субъективтіліктің ішкі идентификациядан этикалық пішіндерге сүйене және категориялық түсініктемесіне қарсылық білдіре бөліну мүмкіндігін қарастыруға саяды. Автордың баяндауы бойынша: «Мен этикалық құндылығы бар мінезді сипаттауды мақсат етемін. Ол әр түрлі тілдерді Лир өзгерістерінің «антологиясына» сабақтастырады. Оның мінезі сараланған, ол пьесадағы соңғы мезеттермен шешімін анықтап отыр. Өзгерістер мен құрылымдар арқылы өзге кейіпкерлер де сипатталуда. Лир өзінің қызына ұқсаған сәттерде, нақтырақ айтқанда, оның даусын алған драмалық мезеттерде антитеза құрылымын байқауға болады. Бұл – көзге түсетін, нәзік теория қаталдығынан сытылып кете алатындай шартты да тангенциональды құрал. Мораль мәселесі, оның белгілі бір нақты мінезге қатыстылығы кейде біздің назарымызды өзіне аударатындай қасиеттерді қалыптастыра алады» (1).

Мұндай қысқа мерзімді нәзік сәттер көзбен, дауыспен, тақырыптармен және жағдайлармен сабақтасар үлкен архитектура шеңберінде драмалық резонансқа ие болады. Әке өзін бала-



сының көмегімен табады, өйткені кіші қызының даусы әр түрлі күмәнді жағдайларда оны қалпына келтіруге көмектесетін. 5-актінің жетістіктері 4-актідегі ауысуларға байланысты: кезінде патша болған күнәһардың енді өз қызының атынан басқа ешнәрсеге үміті қалмаған. Соған қарамастан, әдебиеттанушының айтуына қарағанда, Лирдің әлсіздігінің орнын Корделияның жауабы жапқан. Майкл Холахан Эразм қарастырған тиімді нұсқа, шын мәнінде, «үлкен мағынаға толы болғандықтан, ол естілгеннен гөрі жүрекпен түсініп қабылданады». Ғалым оның қысқа да нұсқа жауабы бойындағы екі қасиетінің – қарапайымдылығы және беріктігінің көрінісі деп есептейді. Осының барлығы бірігіп келіп Корделияның ішкі «менін» анықтайды. Өз болмысын дәлелдей отырып, ол әкесінің де көп сыннан өткен образын айғақтады. Лир Корделияның даусын есіне түсіріп, өзінің басымдығын да көрсете алады. Лир патша бойында екі түрлі өзгерісті сабақтастыра алды, сол арқылы өзгешелік пен типтік түрін мінездің құндылығына бағындыра алды: «Оның даусы әрдайым жұмсақ болды... Әйел затының бойындағы керемет қасиеттер...».

Эссенің келесі маңызды ойын латын тіліндегі сілтеме айқындайды: «Істің бағасы шешімінде». Идея жалғасы ретінде өзге мінездер талдау нысанын құрады. Айталық Эдмунд тарихи шарттылық ұғымын пайдаланды. «Уақыт сияқты» деп Британиядағы жеңістен кейін капитанға тіл қата отырып, ол «Нәзік болу... Қарау болмау» деген тұжырым жасады. Барлық символдардың бірдей маңызды болуы шарт емес. Эдмундқа қатысты бұл шарттылық, дегенмен, жұмыс істейді: ол әдемі, оған барлығы қызығады. Ең соңындағы көріністе ізгілік жеңеді – қорытынды әрі өте әсерлі ауысым деп есептеледі.

Осы ретте автор бірнеше сұрақтардың жауабын іздейді: «Шекспир де, Табиғат та Эдмундты жақтай ма? Жақтау керек пе? Оны кінәлаудың қажеті бар ма?». Сол сауалдардың жауабы ретінде зерттеуші төмендегідей ойдың тізбегін ұсынады: «Мен үшін Эдмундтың әдемілігі – теориялық мәселе. Ол тұрақтылық пен өзгерістер мәселесін мінез бен этикалық ойларда кеңінен аша білді. Бұл жігіттің бойында соншама жақсы қасиеттердің барын кім білген? Оның 5-актідегі өзгерісі керемет. Бұл өзгерістер Лир бойында болатын өзгерістердің алдындағы көрініс сияқты. (дұрыс) Автордың айтуына қарағанда, барлық өзгерістер кейіпкерлер жүзеге асыратын үдерістермен тікелей байланысты. Олардың дауыстары уақыттың дарамалық үзіндісінде күресу үстінде».

Зерттеушінің ойынша, адамдарға мінез-құлыққа табиғаттағы тұрақты, бірқалыпты үдеріс ретінде қарау ұнайды. Бұл үдеріс уақыттың белгілерін бақылау үшін дамып, қайта құрылып отырады деп есептеледі. Нәтижесінде кейіпкер біртектілігін сақтай отырып, өзгере алады деген мәселе әдебиет үшін маңызды болып табылады. Пол Рикердің байқауынша, бірдей болуды әрі өзгешелік, әрі жеке индивидуалдылық деп қабылдауға болады. Эдмундтың бейнесі әдеби сюжет пен этиканың жақсы мысалы болады деп есептеледі. Ол проблеманың орталық та, шеткі де шеңберін құрамайды. Ол – Лир патша емес. Оның өзіндік дара даму жолы белгілі. Поэтикалық әділеттілік өз деңгейінде Эдмундтың әділдігі деп қарастырылады. Оның керемет өзгерістермен қайта танылуы Лир өзгерісіне дайындық сияқты қабылданады. Ең соңындағы екі ер адамның сахна төріне шығуы бір-біріне ұқсамайды. Олардың әрқайсысы этикалық қабылдау ұғымына өзіндік ерекшелікпен келеді. Сол арқылы пьесадағы кейіпкерлер байланысы сомдалады. Эдмундты оның соңғы этикалық даусымен танып білу үшін, Лир мен Корделияның соңғы көріністегі күштерін сезіне білу керек.

Эстетикалық қабілеттердің, әрине, әрекеттер мен сөздердің эстетикалық тұрғыдан бағалануына қарамастан, аса маңызды деп қабылдануы екі талай болар. Дегенмен, бір ойлар басқа ойларды жоққа шығара алмайтыны да ақиқат. Майкл Холахан зерттеушілер оның эстетикалық абыройын бағалай отырып, Эдмундты жоққа шығаруы мүмкін деп тұжырымдады. Алайда дәл осы кейіпкердің пьесаның ең маңызды қаруына айналғанына ешкім күмән келтіре алмайтындығы да ескеріледі. Харли Гранвиль-Баркер мен Стивен Гринблаттан өзге әдеби сыншылар Лир патшадағы өзгеше шырмауықты атап өтті. Пьесадағы әрекеттер тізбегі Корделияның үнсіздігімен ашылып, жабылады. Сол үнсіздікті эссе авторы этикалық құндылық деп бағалайды. Сол үнсіздік те Лир патшаға әсер етті деп дәйектелді.

Екі үнсіздік бір-бірінен толығымен ерекшеленеді, бірақ бұл өзгешелік драмалық әрекет, тіл және сахна бірлігін құрады. Олар қарқынды түрде сөйлесудің ортақ сипаттамаларымен және визуалды қабылдау ерекшелігімен тоғысады. Қария қызының денесіне еңкейіп,



өмірдің белгілерін тынысынан іздейді, көрінбейтін сөйлесуін сезінуге тырысады. Енді оның тағатсыздана толқуы басылып, Корделия туралы бір айтылмай қалған ойдың жетегінде көз жұмады. Оның мінезі тек актердің өлім мен театрлық иллюзия одағындағы мимикасынан байқалады. Автор: «Шекспир өз дизайнын қайта құрастыра отырып, соңғы сұрақ пен мезет сахналық топтан көрермендерге дейін жетсе екен деген ниетті байқатады. Бізден көріп айтуды сұрап тұрғандай. Оны істеу үшін біз Корделияның ернін, әкесінің қиналғанын және өзіміздің жанашырлық танытуымызды оқи алатындай болуымыз керек. Этикалық ой контекстуалды. Ол нысанның құндылығын, қызығушылығы туындаған тұлғалардың әсерін және әділдікке негізделген сот дағдыларын бойына қоса жинайды» (1), – деп тұжырымдады.

Кейіпкерлердің физикалық жағдайы мен бейнесі арасында үлкен айырмашылық сезіледі. Бұл – көз жоқ болғанша көрмеген Глостер арқылы да дәйектелетін шындық. Лир де, сол «көзсіз тұңғиыққа» батып бара жатқандай әсерде болады, оның жанарын Корделияға деген жаңа көзқарас, жаңа ой мен сезім ашады. Нәтижесінде ол феодализм шегінен шыға отырып, қоғам басшысы ретінде қанды байланыстарды, аяушылықты сыртқа шегереді. Феодализм әлеуметтік құрылымның бейнесі тұрғысынан өз әсерін әлсіретеді. Зерттеуші Лир әрекеттерін ішкі әлемі мен сыртқы факторлардың ықпалын салыстыра талдады. Әдебиеттанушы: «Лир ессіздікті алдын ала сезуі мүмкін. Егер Корделия сол жақта болса, ол ұзақ мерзімге бостандықтан айырылуды да көз алдына елестетуі мүмкін. Ал Корделияның өмірден кетуі – басқа мәселе. Оның үстемдікке толы темпераменті әлі де абсолютті ойдың құшағында; «Кімнің тірі, кімнің өлі екенін мен білемін. Ол жер сияқты қозғалыссыз», – дей отырып, төмендегідей жалғастырды: «Лир патшадағы» этикалық ойлар әдеби мінезге қайта оралып жатқандай. Олардың әрқайсысы келесі біріне матрица бола алады. Бұл моралдық аллегория немесе грек этимологиясының мәселесі емес, бұл – драмалық әрекеттерге көзқарас. Драма бізге кейіпкер мен оның сөзін бөлек қарауға болмайтын үдерісті бақылауға мүмкіндік береді... Біз этостың этика екеніне көз жеткіземіз» (1). Сол арқылы теориядан практикаға өте отырып, автор әдеби шығарманың сюжеттік композициясын талдап көрсетті.

Пәлсапалық сана когнитивтік зерттеулердің маңызды бірлігі бола тұра, табиғатының күрделілігіне орай түрлі ғылым аспектілеріне ортақтығымен ерекшеленеді, сондықтан әрі пәлсапа, әрі психология нысанын құраған оқырман санасының функционалдық сипаттамалары біркелкі болуы мүмкін емес. XIX ғасырда ғалымдардың бір қатары, мысалы биолог Т. Гексли, сананы зерттеу, оның болмысын нақтылау мүмкін емес деп келсе, келесі біреулері оның тек жекеленген құбылыстары мен құрылымдарын ғана тануға болады деген көзқарасты ұстанды. Бұл жерде В. Вундт көзқарасын атауға болады. Кейінірек еуропалық пәлсапада сана білім көзі, бағыт, көзқарас, көңіл, өзін-өзі тану сынды ұғымдар негізінде түсіндіріле бастады. Бүгінгі күні философтар мен әдебиеттанушылар сананы адамтану тұжырымдарының негізіне арқау етті, оны рухани құрылымның ең маңызды бірлігі деп таныды. Бүгінгі дәрістің логикалық жалғасы ретінде келесі жолы біз сіздерді романтикалық риторика мен практикадағы теория мәселелерімен жан-жақты таныстырамыз. Әдебиеттану ғылымның негізі әрі білім, әрі таным, әрі хабар, әрі адамзат ақыл-ойы мен санасы, әрі оларға сәйкес анықталатын және барлығының биологиялық негізін құрайтын адамзат миы секілді ұғымдармен байланыс құрайтындықтан, күрделі танымдық үдерістердің тоғысы деп бағаланатын көркем шығармалар да бірде адам өмірімен сабақтаса, бірде оның тек ішкі әлеміне негізделе түсіндіріліп келеді. Сіздерге ұсынылатын Элизабет Бишоп туралы баяндау да осы екі көзқарастан өріле талқыланады.

### Бақылау сұрақтары

1. XX ғасырдағы әдеби ерекшеліктердің мәнін қалай түсіндіресіз?
2. Майкл Холахан Лир патшадағы әдеби мінездемелерді қалай сипаттайды?
3. Әдеби тәсілдер «Лир патшадағы» кейіпкерлерді бейнелеуде қалай жұмыс істейді?
4. Дауыс кейіпкерлердің ішкі әлеміне қалай әсер етеді?
5. Холахан пікірі бойынша риторикалық дәстүрдің мәні неде?



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология, I  
Дәріс: 10. «Практикадағы теория: «Ерніне қара»: дауыстың жұмсақтығы, «Лир патшадағы» кейіпкерді бейнелеу»

---

### Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 100–120 беттер.
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D1%81%D1%81%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B7%D0%BC>
3. <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/674461>